

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Терроризмге, есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 шілдедегі № 412 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 8 қазанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Терроризмге, есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 9 шілдедегі
№ 412 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Терроризмге, есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(2018 жылғы 13 тамызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2018 ж., № 5, 60-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі

терроризмге, есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына және ұйымдасқан қылмыстарға қарсы күрес мақсатында ынтымақтастықтың маңызы зор екендігіне көз жеткізе отырып,

есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымының, оларды теріс пайдалану үрдісіне өсуіне аландаушылық білдіре отырып,

терроризмге қарсы бірлесіп күрес жүргізуге өздерінің ниеттерін растай отырып,

заңсыз көші-қонға және экономика саласындағы қылмыстарға қарсы күрес жөнінде тиімді шаралар қабылдауға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Егер Тараптар мемлекеттерінің аумағында қылмыс жасалатын немесе оларға дайындық жүргізілетін болса, Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес терроризмге, есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2-бап

Терроризмнің кез келген көріністеріне қарсы күресу үшін Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес, сондай-ақ осы Келісімнің ережелеріне орай:

1. терроризмнің жоспарланған және жасалған актілері туралы, террористік ұйымдар мен топтар туралы, сондай-ақ осындай қылмыстарға қатысатын адамдар туралы, осындай қылмыстарды жасаудың нысандары мен әдістері және пайдаланылатын құралдары туралы ақпарат, сондай-ақ терроризмге қарсы күресу мен Тараптардың қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстардың жолын кесу үшін қажетті мәліметтер алмасады;

2. террористік ұйымдар мен террористік қызметке қатысы бар адамдарға қолдау көрсету, оның ішінде қаржыландыру көздері туралы ақпарат алмасады;

3. қаруды, оқ-дәрілерді, әскери техниканы, жарылғыш және улы заттарды, ядролық және радиоактивті материалдарды заңсыз сатумен айналысатын адамдар мен ұйымдар туралы, сондай-ақ оларды Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша өткізу арналары туралы ақпарат алмасады;

4. Тараптардың біреуінің сұрау салуы бойынша террористік сипаттағы қылмыстардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге бағытталған жедел іс-шараларды өткізеді;

5. терроризмге қарсы күрес, террористік көріністерге қарсы іс-қимылдың нысандары мен әдістеріне қатысты тәжірибе алмасу мәселелері бойынша бірлескен жұмыс бабындағы кездесулер мен консультациялар өткізеді.

3-бап

Құрамында есірткі және психотроптық заттар бар өсімдіктерді, прекурсорларды заңсыз өсірудің, есірткі және психотроптық заттарды, прекурсорларды өндірудің,

сақтаудың, өткізудің, оларды транзиттеу мен таратудың, оларды дайындау үшін пайдаланылатын құралдардың және жабдықтардың заңсыз айналымының жолын кесу үшін Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы негізінде:

1. есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына тартылған адамдар туралы; осы адамдардың жасырын баспаналары, көлік құралдары және жұмыс әдістері туралы; есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың шығарылған жері мен арналымы туралы, сондай-ақ есірткі және психотроптық заттармен, прекурсорлармен байланысты қылмыстардың алдын алуға және жолын кесуге қажетті өзге де ақпаратты алмасады;

2. есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымы әдістері туралы ақпарат алмасады;

3. есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға байланысты қылмыстар бойынша криминалистикалық және криминологиялық зерттеулер нәтижелерімен алмасады;

4. теріс пайдалану үшін қолданылатын есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың үлгілерін бір-бірінің қарауына ұсынады;

5. есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңды айналымын осы салада теріс пайдалану ықтималдығына ерекше назар аудара отырып, бақылау жөнінде тәжірибе алмасады;

6. есірткі және психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымын болдырмау жөнінде келісілген шаралар қабылдайды.

4-бап

Қылмысты, әсіресе, ұйымдасқан қылмысты анықтауда, алдын алуда, жолын кесуде және оның деңгейін төмендетуде ынтымақтастықты жүзеге асыра отырып, Тараптар:

1. ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекетке тартылған адамдар, қылмыскерлердің байланыстары, ұйымдасқан қылмыстық топтардың құрылымы, жекелеген қылмыскерлер мен ұйымдасқан қылмыстық топтардың қарым-қатынастары, істері жөніндегі фактілер (әсіресе, қылмыстың жасалған уақыты, орны және әдісі туралы), қылмыстардың саралануы мен түрлері, қабылданған шаралар, сондай-ақ осындай қылмыстардың алдын алу немесе жолын кесу үшін қажетті шамада іске қатысты кез келген басқа да детальдар туралы ақпарат алмасады;

2. Тараптардың бірінің сұрау салуы бойынша Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген жедел және тергеу іс-шараларын жүзеге асырады;

3. халықаралық қылмыс жасаудың әдістері мен оның жаңа нысандары саласында ақпарат және тәжірибе алмасады;

4. өздерінің криминалистикалық, криминологиялық және басқа да іске қатысты криминалдық зерттеулерінің нәтижелерін алмасады. Оларды жетілдіру мақсатында

тергеу және өздерінің жұмыс әдістерімен жабдықтарды қолдану жөніндегі тәжірибесі туралы бір-біріне өзара хабарлайды;

5. ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша өзара іс-қимыл жасасуды нығайту мақсатында мамандардың біліктілігін арттыру үшін оларды өзара тағылымдамадан өткізеді, криминалистикалық, криминологиялық және сот-медицина сараптамасы саласындағы тәжірибесін және ғылыми жетістіктерін алмасады;

6. қажет болған кезде ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөнінде бірлескен іс-шараларды жүзеге асырады, оларды дайындау және іске асыру үшін жұмыс бабындағы кездесулерді өткізеді.

5-бап

Бұдан басқа, Тараптар ынтымақтастығы мыналарды:

1. заңсыз алынған кірістерді заңдастыруға, сондай-ақ заңсыз қаржы операцияларына қарсы күрестегі ынтымақтастықты;

2. осы Келісімде айтылған қылмыстық әрекеттерге қарсы күрес саласындағы нормативтік актілерді алмасуды;

3. қылмыстық іс-әрекет нәтижесінде туындаған заңсыз кірістер туралы ақпарат алмасуды;

4. заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласындағы тәжірибемен және нормативтік актілермен, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында шетелдіктердің болу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен алмасуды;

5. адамдар саудасына қарсы күресте екінші Тарап үшін қажетті, сондай-ақ заңсыз көші-қонды ұйымдастыруға қатысы бар заңды және жеке тұлғаларға және көшіп-қонушыларды ауыстырудың анықталған арналарына қатысты ақпарат алмасуды қамтиды.

6-бап

1. Осы Келісімнің ережелерін орындау мақсатында барлық байланыстар Тараптар мемлекеттерінің орталық құзыретті органдары арасында тікелей жүзеге асырылатын болады.

2. Осы Келісімнің мақсаттары үшін Тараптар мемлекеттерінің орталық құзыретті органдары мыналар:

Қазақстан Тарапынан:

Ішкі істер министрлігі;

Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы);

Кедендік бақылау агенттігі;

Латвия Тарапынан:

Ішкі істер министрлігі;

Мемлекеттік кіріс қызметі болып табылады.

3. Тараптар мемлекеттерінің орталық құзыретті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде бір-бірімен тікелей ынтымақтасады және жеке Хаттамада өз ынтымақтастығының белгілі бір салалары мен нысандарын белгілеуі мүмкін.

4. Әрбір Тарап орталық құзыретті органдардың тізбесіндегі өзгерістер туралы екінші Тарапты уақтылы хабардар етеді.

7-бап

1. Ақпарат алмасу және осы Келісімде көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыру туралы сұрау салу Тараптар мемлекеттерінің орталық құзыретті органдарына жазбаша нысанда жіберіледі. Сұрау салу:

- сұрау салушы органды, сондай-ақ сұрау салу жіберілген органды анықтайтын дәлелді тұжырымдамамен;

- оған байланысты көмек сұратылатын істің сипаттамасымен;

- сұрау салудың мазмұнымен, сондай-ақ оның орындалуы үшін қажетті мәліметтермен бірге жіберіледі.

Шұғыл жағдайларда Тараптар мемлекеттерінің орталық құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін орындау туралы ауызша түрде алдын ала өтініш жасайды, бұл осыдан кейін дереу жазбаша түрде формальды расталуы тиіс.

2. Егер Сұрау салынатын Тарап сұрау салуда ұсынылған ақпаратты жеткіліксіз деп тапса, ол қосымша ақпарат сұратуы мүмкін. Тараптар мемлекеттерінің орталық құзыретті органдары сұрау салуды дереу орындайды.

8-бап

Ынтымақтастық барысында ұсынылған дербес деректерді қорғау мақсатында Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мынадай шарттарды сақтайды :

1. Сұрау салушы Тарап дербес деректерді Сұрау салынатын Тарап айқындаған мақсаттарда және шарттарда ғана пайдаланады;

2. Сұрау салынатын Тараптың сұрау салуы бойынша Сұрау салушы Тарап жеткізілген дербес деректерді пайдаланғаны және осы ретте алынған нәтижелер туралы ақпарат ұсынады;

3. дербес деректер осы Келісімнің 6-бабында айқындалған және осы Келісімде көзделген қылмыстарға қарсы күресті жүзеге асыратын орталық құзыретті органдарға

ғана жіберілуі мүмкін. Дербес деректер басқа билік органдарына сұрау салынатын органның жазбаша келісімімен ғана берілуі мүмкін;

4. берілуге жататын дербес деректердің дәлдігіне, сондай-ақ мұндай берілудің қажеттілігіне Сұрау салынатын Тарап көз жеткізеді. Бұл ретте екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында белгіленген дербес деректерді жеткізуіге шектеулер сақталады. Егер дұрыс емес немесе шектеуге түскен дербес деректер жіберілгені дәлелденсе, онда Сұрау салушы Тарапқа бұл туралы дереу хабарланады. Ол қажетті түзетулерді енгізеді немесе шектелуге жататын дербес деректерді дереу жояды;

5. мүдделі адамға оның өтініші бойынша, Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес оған қатысты берілген дербес деректер және оларды пайдалану мақсаттары туралы анықтама берілуі мүмкін;

6. дербес деректерді жіберу кезінде Сұрау салынатын Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес осы дербес деректерді жою үшін шекті мерзімдерді белгілейді. Осыған қарамастан, жеткізілген дербес деректер олар қажетсіз болған жағдайда жойылуға тиіс. Әрбір Тарап алынған дербес деректердің жойылғаны және мұндай жоюдың негізі туралы дереу екінші Тарапқа хабарлайды. Алынған дербес деректер осы Келісімнің қолданылу мерзімі тоқтатылған кезде жойылады;

7. әрбір Тарап дербес деректерді жіберу, алу және жою тіркелімін жүргізеді;

8. Тараптар алынған дербес деректерді санкцияланбаған қол жеткізуден, өзгертуден немесе жариялаудан қорғайды.

9-бап

1. Тараптар осы Келісімді орындау мақсатында алмасу нәтижесінде алынған барлық деректер мен ақпараттарды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес қорғауға кепілдік береді. Беретін Тарап белгілеген қорғау дәрежесі өзгертуге жатпайды.

2. Осы Келісімге сәйкес жеткізілген құжаттар, деректер мен техникалық жабдықтар Сұрау салынатын Тараптың тек жазбаша келісімімен ғана үшінші мемлекетке берілуі мүмкін.

10-бап

1. Осы Келісімді орындау жөніндегі шығыстарды Тараптар олар өз міндеттемелерін орындауы үшін қажетті шектерде дербес көтереді.

2. Қажет болған жағдайда Тараптар осы Келісімнен туындайтын іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін шығыстарды бірлесе көтереді, бұл әрбір нақты жағдайда өзара қолайлы уағдаластықтармен ресімделеді. Тараптардың бірлескен шығыстар бойынша міндеттемелері осы уағдаластықтарда реттеледі.

11-бап

1. Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар бірлескен комиссия құруы мүмкін. Тараптар комиссияның құрамы туралы бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды.

2. Бірлескен комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында кезектесіп өткізіледі. Әрбір Тарап қажет болған кезде қосымша отырыс өткізуге ұсыныс жасауы мүмкін.

12-бап

1. Сұрау салынатын Тарап, егер сұрау салуды орындау Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне зиян келтіретін болса немесе ұлттық заңнамасына қайшы келсе, сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін.

2. Сұрау салуды орындаудан немесе ішінара орындаудан бас тартылған жағдайда, бас тартудың немесе ішінара орындаудың себептері көрсетіле отырып, Сұрау салушы Тарапқа бұл туралы жазбаша хабардар етіледі.

13-бап

Тараптар ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде осы Келісімнің шеңберінде орыс тілін пайдаланады.

14-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

15-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

16-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың өзінің осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап 6 ай өткенге дейін күшінде қалатын болады.

2004 жылғы 8 қазанда Астана қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, латыш және орыс тілдерінде жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Латвия Республикасының
Үкіметі үшін*